

2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 23/115 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 қаңтарда № 4489 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 3 605 252,5 мың теңге;

салықтық түсімдер 418 110 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 6 207,8 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 15 274 мың теңге;

трансферттер түсімі 3 165 660,7 мың теңге;

2) шығындар 3 670 359,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 55 661,9 мың теңге;

бюджеттік кредиттер 79 365 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 23 703,1 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 120 768,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 120 768,7 мың теңге;

қарыздар түсімі 79 365 мың теңге;

қарыздарды өтеу 23 703,1 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын

қалдықтары 65 106,8 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.11.2018 № 33/183 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-1. Қаржылық жылдың басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары есебінен аудандық бюджеттің шығындарында "Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару" 459006 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 553,4 мың теңге сома, яғни 2017 қаржылық жылда республикалық бюджеттен бөлінген 2 542,8 мың теңге сома және облыстық бюджеттен бөлінген 10,6 мың теңге сомадағы пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару, 11 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 12.03.2018 № 26/135 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімімен.

1-2. 2018 қаржылық жылда дамуға арналған нысаналы трансферттер бойынша қаржылық жылдың басына жергілікті бюджеттің бюджеттік қаражатының қалдықтары есебінен, олардың мақсатты тағайындалуларын сақтай отыра 2017 жылда облыстық бюджеттен бөлінген қолданылмаған (соңына дейін қолданылмаған) нысаналы трансферт сомаларын 12 қосымшаға сәйкес қолдану (соңына дейін қолдану).

Ескерту. Шешім 1-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 12.03.2018 № 26/135 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімімен.

1-3. Аудан бюджетінде қаржылық жылдың басына қалыптасқан бос қаражат қалдықтары есебінен 46 212,6 мың теңге сомада шығындар 13 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-3-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 12.03.2018 № 26/135 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімімен.

1-4. 2018 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы бюджетінде аудандық бюджеттен Явленка ауылдық округінің бюджетіне тапсырылатын нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 11 316 мың теңге сомада қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-4-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 12.03.2018 № 26/135 (01.01.2018 бастап күшіне енеді); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 26.09.2018 № 31/169 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімдерімен.

1-5. 2018 жылға арналған аудан бюджетінде жергілікті атқарушы органдардың борышына және облыстық бюджеттің қарыздары бойынша басқа да төлемдерге қызмет көрсетуге 31,8 мың теңге сомада шығындар қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-5-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 17.04.2018 № 27/142 (01.01.2018 бастап күшіне енеді); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.11.2018 № 33/183 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2018 жылға арналған аудандық бюджеттің кірісі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексіне сәйкес, келесі салық түсімдері есебінен құрылатыны белгіленсін:

облыстық мәслихатпен белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

облыстық мәслихатпен белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салығы;

тіркелген салық;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. 2018 жылға аудандық бюджеттен облыстық бюджетке салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу келесілер есебінен белгіленсін:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша – 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша – 16 пайыз.

4. 2018 жылға аудандық бюджетке салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу келесілер есебінен белгіленсін:

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша – 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша – 84 пайыз.

5. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салыққа жатпайтын түсімдер есебінен құрылатындығы белгіленсін:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер;

аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

6. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер есебінен құрылатындығы белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

7. Аудандық бюджет түсімдері мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түскен түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

8. Облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін 2018 жылға трансферттер көлемі – 2 951 692 мың теңге, 2019 жылға - 2 998 914 мың теңге, 2020 жылға – 3 148 860 мың теңге қарастырылсын.

9. 2018 жылы аудандық бюджеттен ауылдық округ әкімдері аппараттарының бюджетіне берілетін бюджеттік субвенциялар 32 979 мың теңге сомда белгіленсін, соның ішінде:

Корнеевка ауылдық округі-2 396 мың теңге;

Покровка ауылдық округі-6 066 мың теңге;

Явленка ауылдық округі-24 517 мың теңге.

10. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

2) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

3) "Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012–2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының үшінші кезеңін (2016–2018 жылдар) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 213 қаулысымен бекітілген Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012–2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға, соның ішінде:

мүгедектерді міндетті түрдегі тазалық заттарымен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

техникалық көмекші (өтемақы) жабдықтардың тізбесін кеңейтуге;

4) еңбек нарығын дамытуға, соның ішінде:

еңбекақы төлемін бөлшектеп жәрдемақылау;

көшуге жәрдемақы ұсыну;

жастар саясаты;

үйді жалға алуға (жалдауға) және коммуналдық шығындардың орнын толтыруға;

жаңа бизнес-ойларын жүзеге асыруға көшпенділерге грантқа;

5) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге:

ассистенттердің еңбек төлемдеріне;

консультанттардың еңбек төлемдеріне;

6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне;

7) жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білім оқу бағдарламасын жүзеге асыратын білім ұйымдары мұғалімдерінің үстемақысына және жергілікті бюджет есебінен шығынның аталған бағыты бойынша төленген соманың орнын толтыру;

8) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім оқу бағдарламасын жүзеге асыратын және ұлттық біліктілік тестін өткен мұғалімдердің педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін үстеме ақысына.

Көрсетілген облыстық бюджеттен берілген нысаналы трансферттерді бөлу "2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 16.07.2018 № 30/156 (01.01.2018 бастап күшіне енеді); 28.11.2018 № 33/183 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерінің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

2) жануарлардың энзоотикалық ауруларына қарсы алдын алу іс-шараларын жүргізуге;

3) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 26.09.2018 № 31/169 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімімен;

4) мобильдік орталықтардағы оқуларды қосқандағы еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер бойынша жұмыс кадрларын қысқа мерзімді кәсіби оқыту.

Көрсетілген облыстық бюджеттен берілген нысаналы трансферттерді бөлу "2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

5) білім ұйымдарын Интернет желісіне жоғары жылдамдықтағы қолжетімділікпен қамтамасыз етуге;

6) Есіл ауданы Горный ауылындағы әуе электр желісін 0,4 киловольт және жинақтық трансформаторлық қосалқы станцияны 10/0,4 киловольт қайта жаңартуға;

7) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 26.09.2018 № 31/169 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімімен;

8) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 26.09.2018 № 31/169 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімімен.

9) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.11.2018 № 33/183 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10) Өрнек ауылында көше жарықтарының ағымдағы жөндеулеріне;

11) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.11.2018 № 33/183 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

12) эпизоотияға қарсы іс-шараларды өткізуге;

13) Қоныс аударушылар мен оралмандар үшін тұрғын үй жалдауға (жалға алуға) арналған шығыстарды өтеуге субсидиялар.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 17.04.2018 № 27/142 (01.01.2018 бастап күшіне енеді); 16.07.2018 № 30/156 (01.01.2018 бастап күшіне енеді); 26.09.2018 № 31 /169 (01.01.2018 бастап күшіне енеді); 26.10.2018 № 32/177 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2018 № 33/183 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

12. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет, спорт және ветеринария әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруға арналған республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер ескерілсін.

Көрсетілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы трансферттерді бөлу " 2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

13. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте 152 886 мың теңге сомасында шығындар қарастырылсын:

жұмыс берушілермен міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімінің 2018 жылдан 2020 жылға ауыстырылуына байланысты – 109 026 мың теңге;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша ставкалардың азаюына байланысты – 43 860 мың теңге.

14. 2018 жылға арналған аудандық бюджеттің шығынында ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына қатты отын сатып алуға арналған төлемдер белгіленсін.

15. 2018 жылы мемлекеттік қызметкерлердің, мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметшілерінің және қазыналық кәсіпорын жұмысшыларының еңбекақы төлемдерін төлеу толық көлемде қамтамасыз етілсін.

16. 2018 жылда ауылдық жерлерде тұратын және азаматтық қызметкерлер болып табылатын әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет, спорт және ветеринария облыстарының мамандарына қалалық жағдайда осы қызмет түрлерін атқаратын азаматтық қызметкерлердің жалақыларымен салыстырғанда лауазымдық жалақылары мен тарифтік мөлшерлері жиырма бес пайызға ұлғаюмен сақталсын.

17. Бюджеттік бағдарламалар аясында Есіл ауданының ауылдық округтері бойынша 2018-2020 жылдарға арналған шығындар 4, 5, 6 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

18. 2018-2020 жылдарға арналған ауылдық округтер шеңберінде мемлекеттік басқару органдарына трансферттер 7, 8, 9 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

19. 2018 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару үрдісінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрге жатпайтыны 10 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

20. 2018 жылға арналған Есіл ауданының жергілікті атқарушы органдарының резерві 6 820 мың теңге сомаға бекітілсін.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 26.10.2018 № 32/177 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

21. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихаты

сессиясының төрағасы

Д.Қалиев

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

Хатшысы

А.Бектасова

2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 23/115

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы

мәслихатының шешіміне 1 - қосымша

2018 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.11.2018 № 33/183 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	3 605 252,5
1			Салықтық түсімдер	418 110
	01		Табыс салығы	23 982
		2	Жеке табыс салығы	23 982
	03		Әлеуметтік салық	192 686
		1	Әлеуметтік салық	192 686
	04		Меншікке салынатын салықтар	85 803
		1	Мүлікке салынатын салықтар	49 115

		3	Жер салығы	5 700
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	28 074
		5	Бірыңғай жер салығы	2 914
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 117 755
		2	Акциздер	1 900
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 009 964
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	8 891
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 884
		1	Мемлекеттік баж	3 884
2			Салықтық емес түсімдер	6 207,8
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 237,8
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 711
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	31,8
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	495
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	821
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	821
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 210
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 210
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 939
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 939
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15 274

	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 095
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 095
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	13 179
		1	Жерді сату	13 140
		2	Материалдық емес активтерді сату	39
4			Трансферттердің түсімдері	3 165 660,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 165 660,7
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 165 660,7
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	3 670 359,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 13 307,7
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	18 643
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 643
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 03 327,6
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 03 327,6
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 38 599,5
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 35 441
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 158,5
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12 034
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 034
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4 0 703,6

		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 8 056,3
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	11 316
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	933
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару , жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	398,3
02			Қорғаныс	10 018
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10 018
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 386
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 958
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	674
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 075
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 075
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1 075
04			Білім беру	2 518 601,5
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 788
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	2 788
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 475 528
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 06 622
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (	6 049

			балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	14 047
		003	Жалпы білім беру	2 235 196
		006	Балаларға қосымша білім беру	33 711
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 081
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 730
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7 146
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	7 174
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	43 772
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	4 0 285,5
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	4 0 285,5
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	247 441,3
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	204 020,7
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	7 2 698,3
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет , спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	6 229
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 6 558,4
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	12 093
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	59 060
			Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар	

		017	бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	7 767
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	29 615
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5 848
		008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	2 705
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1 925
		031	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	1 218
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	3 757,6
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 7883,6
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 719
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	588
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 440
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	3 942
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 1143,4
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 111
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	548
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	3 563
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 4783,4

		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	1 937
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	889
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	10 552
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 235
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	796
		028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	9 374,4
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	22 249
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	3 912,7
		072	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде қызметтік тұрғын үй салу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жастарға арналған жатақханаларды салу, салып бітіру	1 8 336,3
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 56 619
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 113
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	10 113
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	15 085
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 337
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	13 748
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	90 835
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	46 116
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	44 319
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	400
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	5 840
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	5 840
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	9 529

		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 529
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	15 929
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 071
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	3 858
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	7 533
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 583
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	950
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 755
		008	Спорт объектілерін дамыту	1 755
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1 3 6 096,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 7 964,4
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	1 7 964,4
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	25 669
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 669
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	80 671
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 337
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	159
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1 416
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	6 614

		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	3 556
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	355
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	57 234
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	11 792
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 792
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 4 437,8
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 4 437,8
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 2 876,4
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	1 561,4
12			Көлік және коммуникация	13 061
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13 061
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	12 821
		024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	240
13			Басқалар	29 583
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	10 040
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 040
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	12 723
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	12 723
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6 820

		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	6 820
14			Борышқа қызмет көрсету	31,8
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	31,8
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	31,8
15			Трансферттер	1 78 943,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 78 943,4
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2 553,4
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1 41 942
		038	Субвенциялар	32 979
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	1 469
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	5 5 661,9
			Бюджеттік кредиттер	79 365
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері	Бағдарлама	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	79 365
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	79 365
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	79 365
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 3 703,1
Санаты	Сынып	Ішкі сынып	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 3 703,1

	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 3 703,1
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2 3 703,1
			4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржылық активтерді сатып алу	0
Санаты	Сынып	Ішкі сынып	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-120 768,7
			6) Тапшылық орнын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану)	120 768,7
7			Қарыздар түсімдері	79 365
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	79 365
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	79 365
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	2 3 703,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 3 703,1
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	2 3 703,1
Санаты	Сынып	Ішкі сынып	Атауы	2018 жыл сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	6 5 106,8
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	6 5 106,8

		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 5 106,8
--	--	---	-----------------------------------	--------------

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №
23/115 шешіміне 2 қосымша

2019 жылға арналған Есіл аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
мәслихатының 12.03.2018 № 26/135 (01.01.2018 бастап күшіне енеді) шешімімен.

Санаты	Сынып	Ішкі сынып	Атауы	2019 жыл сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер	3 443 297
1			Салық түсімдері	3 97 239
	01		Табыс салығы	6 356
		2	Жеке табыс салығы	6 356
	03		Әлеуметтік салық	1 88 444
		1	Әлеуметтік салық	1 88 444
	04		Меншікке салынатын салықтар	76 444
		1	Мүлікке салынатын салықтар	40 994
		3	Жер салығы	5 445
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	26 775
		5	Бірыңғай жер салығы	3 230
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 18 128
		2	Акциздер	2 000
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	99 006
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 122
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	7 867
		1	Мемлекеттік баж	7 867
2			Салықтық емес түсімдер	7 727
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 261

		5	Мемлекеттік меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер	2 548
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	2 713
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 466
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 466
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	39 417
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	39 417
		1	Жерді сату	39 417
4			Трансферттер түсімі	2 998 914
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан трансферттер	2 998 914
		2	Облыстық бюджеттен трансферттер	2 998 914
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері	Бағдарлама	Атауы	2019 жыл сомасы (мың теңге)
			II. Шығындар	3 443 297
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	287 072
	112		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихат аппараты	18 159
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихат аппараты қызметін қамтамасыз ету бойынша қызметтер	18 159
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	92 382
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	92 382
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	135 988
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	135 988
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11 680
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 680

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 863
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27 082
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 225
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	556
2			Қорғаныс	11 362
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11 362
		005	Жалпыға бірдей әскери міндеттің орындалуы шеңберіндегі іс-шаралар	8 986
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 668
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	708
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	881
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	881
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	881
4			Білім	2 423 282
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 437
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	2 437
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 387 555
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 05 931
		003	Жалпы білім беру	2 178 247
		006	Балаларға қосымша білім беру	36 689
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 945

		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	7 256
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	21 868
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	7 670
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	758
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық денсаулықтарын зерттеу және тұрғындарға психологиялық-медициналық педагогикалық көмек көрсету	14 191
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	33 290
		017	Спорт бойынша балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім	33 290
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	1 75 415
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1 3 7 700
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	21 571
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	6 465
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	7 994
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек	15 443
		014	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	58 991
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	9 379
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	17 857
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7 054

		008	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша қоғам көлігінде (таксиден басқа) жол жүру жеңілдігі түрінде білім ұйымдарында күндізгі оқу түріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қолдау	3 321
		030	Патронатты тәрбиеге берілген баланы (балаларды) күту	1 220
		031	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық үлгідегі балалар үйі мен асырап алған отбасыларда мемлекеттік қолдау	2 513
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	30 661
		001	Халық үшін әлеуметтік бағдарламалардың жұмыс бастылығын қамтамасыз ету облысында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру қызметі	28 407
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	550
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 704
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11 819
	458		Ауданның (қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5 253
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	2 607
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 646
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	6 566
